

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ

\*Рамазанова Д.Ж.<sup>1</sup>, Тогайбаева А.К.<sup>2</sup>, Мухтаров С.М.<sup>3</sup>, Жүзеев С.Ә.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

<sup>4</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қарқынды дамып жатқан қазіргі әлемде көшбасшылық өмірдің әртүрлі салаларында қажетті қабілетке айналды. Авторлар көшбасшылық қабілетті қалыптастырудағы білім беру үдерісінің маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі заманғы көшбасшылар инновациялық ойлауды және мәселелерді шешуде икемділікті қажет ететін ерекше қиындықтарға тап болады. Осылайша, білім беру білім алушыларға әртүрлі жағдайларда табысты көшбасшылық үшін қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз ете отырып, осы құзыреттерді дамытуға ұмтылуы керек. Бұл зерттеудің мақсаты білім алушылар арасында көшбасшылық қабілетін дамытуға ықпал ететін стратегияларды, тәжірибелер мен тәсілдерді бағалау, көшбасшыларды тәрбиелеудің тиімді әдістерін талдау және жүйелеу болып табылады. Зерттеу көшбасшылықты дамыту тетіктерін теориялық түсіну үшін де, білім беру ортасында практикалық қолдану үшін де маңызды. Бұл көшбасшылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық әдістері мен бағдарламаларын жақсартуға ықпал етеді. Әдістеме көшбасшыларды тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қабылдауды бағалау және ең тиімді тәсілдер мен әдістерді анықтау үшін педагогикалық мамандықтардың білім алушыларына бағытталған сауалнаманы әзірлеуді және талдауды қамтиды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері көшбасшылықты дамыту үдерісінде уәждеменің, топтық жұмыстың, рөлдік ойындардың және сыныптан тыс жұмыстардың маңыздылығын көрсетеді. Көшбасшылардың қалыптасуына оқытудың интерактивті және практикалық әдістері үлкен әсер ететіні анықталды. Бұл жұмыс көшбасшылықты оқытудың тиімді бағдарламаларын әзірлеу үшін құнды деректерді ұсына отырып, педагогика ғылымдары саласына елеулі үлес қосады. Зерттеу нәтижелерін білім беру мекемелері заманауи талаптар мен қиындықтарды ескере отырып, білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларын жақсарту және бейімдеу үшін пайдалана алады.

**Тірек сөздер:** көшбасшылық, білім беру үдерісі, тәрбиелеу әдістері, көшбасшылықты дамыту, интерактивті оқыту, топтық жұмыс, педагогикалық стратегиялар, уәждеме

### Кіріспе

Білім беру үдерісі табысты көшбасшылық үшін қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз ете отырып, болашақ көшбасшыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл сыни ойлауды, қарым-қатынас дағдыларын және күрделі мәселелерді шешуге ықпал етеді. Көшбасшыларды тәрбиелеу кейс әдістері, рөлдік ойындар, топтық жұмыс және сабақтан тыс әрекеттер сияқты интерактивті және практикалық оқыту әдістерін қолдануды талап етеді. Бұл әдістер көшбасшылықты дамытуға және нақты кәсіби жағдайларға дайындауға ықпал етеді. Уәждеме көшбасшылықты дамыту үдерісінің негізгі факторлары болып табылады. Ішкі уәждеме мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс көшбасшыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бұл оң ықпал мен ынталандырудың маңыздылығын көрсетеді. Білім беру мекемелері өз білімдерін

нақты кәсіби жағдайда қолдануға мүмкіндік туғызуы керек, бұл қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделе алатын және мәселелерді тиімді шеше алатын көшбасшының біртұтас тұлғасын дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі әлемде көшбасшылық әртүрлі салаларда табысқа жету үшін қажетті негізгі қабілетке айналды. Көшбасшылық дәстүрлі басқару немесе саясат салаларымен шектелмейді, ол білім беруде, бизнесте, технологияда және әлеуметтік салада құндылыққа ие қабілет. Бұл тұрғыда білім беру үдерісі болашақ көшбасшыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарып, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас дағдылары және күрделі мәселелерді шешу сияқты негізгі көшбасшылық қасиеттерді дамыту құралдары мен орталарын ұсынады. Білім беру мекемелерінде көшбасшылықты оқыту жеке көшбасшылық қабілеттердің дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты, икемді және инновациялық ортаның дамуына негіз жасайды. Дүние жүзіндегі заманауи білім беру жүйелері тек білім беруді ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырда көшбасшылық үшін қажетті құзыреттерді дамытуы қажет. Бұған өзгермелі жағдайларға бейімделу, жаңашылдық қабілеті, мәселелерді тиімді шешу және басқаларға ортақ мақсаттарға жетуге шабыттандыру арқылы әсер ету мүмкіндігі кіреді. Осыған байланысты білім беру мекемелерінде көшбасшыларды тәрбиелеу тек қосымша міндетке ғана емес, оқу үдерісінің негізгі бөлігіне айналады. Бұл білім беру жүйелерінен дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталған әртүрлі тәсілдерінде икемді және жаңашыл болуды талап етеді. Болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу – бұл теориялық дайындықты да, көшбасшылық дағдыларды тәжірибеде қолдануды да қамтитын мағыналы және мақсатты тәсілді қажет ететін үдеріс.

Зерттеу жұмысын жүргізудегі мақсат – білім беру үдерісінде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудің қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін зерттеу және жүйелеу. Жастар арасында көшбасшылық қасиеттерді дамытуда қандай стратегиялар мен тәжірибелер ең тиімді екенін және оларды әртүрлі білім беру жүйелеріне қалай біріктіруге болатыны талданады. Көшбасшылықтың психологиялық қырларына, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырудағы мұғалімдер мен білім беру ортасының рөліне, сондай-ақ әртүрлі елдердің табысты мысалдарын талдауға ерекше назар аударылады. Мақаланың мақсаты тек теориялық ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар нақты білім беру жағдайларында қолдануға болатын практикалық ұсыныстарды ұсыну болып табылады.

*Әдебиетке шолу.* Болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу әдістерін әзірлеуде көшбасшылықтың теорияларына сүйенген жөн. Психологиялық бақылаулар мен зерттеулер нәтижесінде көшбасшылықтың бірқатар теориялары қалыптасты. Р. Бэйлстің көшбасшылық рөлдер теориясы эмоционалды факторды ескере отырып, көшбасшыны кәсіпқойлық тұрғысынан қарастырады. «Қасиеттер теориясы» адамды көшбасшы ретінде танудың шарты оның белгілі бір «көшбасшылық» қасиеттері мен қабілеттеріне ие болуы деп тұжырымдайды [1]. Ф. Фидлердің ситуациялық теориясына сәйкес, көшбасшылық – бұл белгілі бір әлеуметтік топтағы қалыптасқан жағдайдың өнімі [2]. Интерактивті теорияны

жақтаушылар егер кез-келген адам тұлғааралық өзара әрекеттесу жүйесінде тиісті орынға ие болса, көшбасшы бола алады деп санайды. Синтетикалық теория тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру үдерісінің негізгі компоненттерінің өзара байланысына назар аударады: көшбасшылар, бағыныштылар және көшбасшылық жүзеге асырылатын жағдайлар. Жалпы, қазіргі уақытта психологияда көшбасшылық теориясы тиісті дамымағанын атап өткен жөн. Бізде де, шетелде де жүргізілген көптеген зерттеулерден көшбасшылық негізінен жеке тұлғаның туа біткен қасиеті деп саналады. Сондықтан «кейбір адамдар көшбасшы бола алады, ал басқалары ешқандай жағдайда бола алмайды» деген ой қалыптасқан. А.О. Макаренко, егер қоғам қалыпты жұмыс істесе, онда жаңа көшбасшыларды ұсыну үдерісі жалғасады деп сенді [3].

«Көшбасшы», «көшбасшылық» ұғымдарының қолданыстағы анықтамаларын талдау негізінде «көшбасшы» ұғымының негізгі белгілері анықталды:

- 1) көшбасшы қандай да бір топтың ішінде пайда болады, оның мүшесі болып табылады;
- 2) көшбасшы топта беделге ие, оның мәртебесі жоғары;
- 3) көшбасшы топтың мүдделерін барынша толық көрсетеді;
- 4) көшбасшыға топтың қалған мүшелерінің мінез-құлқы мен санасына әсер ету құқығы мен мүмкіндігі тән, ол топтық мақсаттарға қол жеткізген кезде топты ұйымдастырады және басқарады [4].

А.Г. Асмолов, М.С. Гусельцева бірлесіп төрт әдіснамалық тұрғыда көшбасшылық мәселесін қарастырады: қарапайымдылық пен күрделілік, бірлік пен әртүрлілік, сенімділік пен белгісіздік, тұрақтылық пен өтпелілік. Авторлардың пікірінше, бұл қазіргі заманғы көшбасшылық модельдерді иерархиялық емес, желілік модель ретінде қарастыруға көмектеседі, ал көшбасшылық бұл жағдайда жасырын сипатқа ие болады [5].

Көшбасшылық білім беру үдерісі арқылы дамытуға және нығайтуға болатын бірқатар психологиялық қасиеттер мен сипаттамалармен тығыз байланысты. Өзіне деген сенімділік, эмпатия қабілеті, шешімділік, және басқаларға әсер ету қабілеті – бұл көшбасшы үшін маңызды қасиеттер. Білім беру мекемелері осы сипаттамаларды дамытуда шешуші рөл атқарады.

ЖОО-да көшбасшыларды даярлаудың кешенді жүйесі екі тәуелсіз, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты кезеңдерді қамтиды. Бірінші кезең көшбасшылық қабілеті бар білім алушыларды анықтауға бағытталған. Бұл студенттік ортада дәстүрлі түрде әлеуметтік белсенді білім алушылар табиғи түрде ерекшеленетініне қарамастан, қоршаған ортаға қызығушылық танытуымен, болып жатқан үдерістерге әсер етуді қалауымен, жетекші позицияларға ұмтылуымен сипатталады. Көшбасшыларды анықтау қажеттілігі көптеген бірінші курс білім алушылары өздерінің көшбасшылық әлеуетін сезінбейтіндігіне немесе оны студенттік өмірге енгізудің қолайлы түрлерін көрмейтіндігіне байланысты. Әлеуметтік психология мамандары көшбасшылық құбылысының айқындығына қарамастан топтарда көшбасшыларды құрудың

практикалық күрделілігі туралы ойды растайды. Бұл кезеңнің маңыздылығы сонымен қатар ұжымда өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуетті көшбасшылардың болуымен байланысты, өйткені олар студенттік кезде жүзеге асырылмай, көбінесе «антилеидерлерге» айналады. Екінші кезең анықталған көшбасшылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл кезеңде арнайы оқу бағдарламалары, тәлімгерлік, коучинг, рөлдік ойындар, кейс-әдістер сияқты белсенді оқыту әдістері пайдаланылады. Негізгі мақсат – көшбасшылық қасиеттерін нығайту және студенттерге нақты жобалар мен әлеуметтік жұмыстарда көшбасшылық тәжірибе беру. Бұл кезең студенттердің университеттегі барлық оқу жылдары бойы жалғасады және олардың көшбасшылық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Көшбасшылық қасиеттері бар білім алушыларды анықтау кезеңін іске асыру бірінші оқу жылынан басталуы керек, негізінен академиялық топтар деңгейінде жүргізіліп, куратор-эдвайзерлар жүзеге асыруы қажет. Бастапқыда аталған міндет білім алушылардың университеттегі оқу жағдайларына бейімделуінде, сондай-ақ білім алушылар тобында психологиялық ахуалды қалыптастыруда жүзеге асырылады. Білім алушылар тобының белсенді тобын мақсатты түрде қалыптастыру көшбасшыларды ұсынуға ықпал етеді, сондықтан кураторға бірінші курс студенттерінің ресми белсенді тобын құру ұсынылады. Көшбасшыларды анықтау үдерісінде тестілеу маңызды рөл атқарады. Кей жағдайда тестке қатысты көзқарасқа қарамастан, тестілеу жеке және мемлекеттік ұйымдарда тиімді басқаруға қабілетті адамдарды анықтау үшін жиі қолданылады.

Көшбасшыларды тиімді тәрбиелеу оқытушыдан басталады. Оқытушылар үлгі ретінде қызмет етеді және олардың мінез-құлқы, оқыту әдістері және қарым-қатынасы білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға айтарлықтай әсер етеді. Оқытушылардың өз білім алушыларында дамытуға ұмтылатын қасиеттерін, соның ішінде адалдықты, әділдікті, тыңдау және шабыттандыру қабілетін көрсетуі маңызды. Сонымен қатар, оқытушылар білім алушыларға көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және жақсартуға көмектесу үшін кері байланыс, тәлімгерлік және коучинг сияқты әртүрлі стратегияларды қолдана алады. Көшбасшылық дағдыларды дамытудың тиімді әдістерінің бірі – білім алушыларға нақты жағдайларды талдауға және оларды шешу жолдарын іздеуге мүмкіндік беретін кейс әдісі. Мысалы, Гарвард бизнес мектебінде кейс әдісі басқару дағдыларын дамыту үшін қолданылады [6]. Білім алушылар нақты бизнес жағдайларын талдайды, әртүрлі тәсілдерді талқылайды және олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін басқару шешімдерін қабылдайды. Рөлдік ойындар да пайдалы болуы мүмкін, өйткені олар білім алушыларға басқарылатын, бірақ шынайы ортада көшбасшылық дағдыларды қолдануға мүмкіндік береді. АҚШ-тың орта мектептерінің біріндегі көшбасшылық бағдарламасының бөлігі ретінде оқушылар рөлдік ойындарға қатысады, онда олар жоба менеджерлері немесе комитет төрағалары сияқты әртүрлі сценарийлерде көшбасшы ретінде әрекет етуі керек [7]. Жобалық оқыту өз кезегінде көшбасшылықтың негізгі аспектісі болып табылатын топтық жұмыс,

жоспарлау және жобаларды басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Білім алушыларды шешім қабылдау үдерісіне тарту және сыни ойлауды дамыту тәуелсіз және жауапты көшбасшыларды қалыптастыру үшін де қажет. Финляндияда жобалық оқыту кеңінен қолданылады, мұнда студенттер ұзақ мерзімді жобаларда жұмыс істейді, бұл оларға жоспарлау, топтық жұмыс және көшбасшылық дағдыларын дамытуға көмектеседі [8]. Білім алушылар экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қарастыратын тұрақты қауымдастықтар құру жобасы мысал бола алады.

Жапонияда көптеген мектептерде оқушылар мектепті басқаруға белсенді қатысады, оған іс-шараларды ұйымдастыру және басқару шешімдерін қабылдауға қатысу кіреді [9]. Бұл олардың көшбасшылық және жауапкершілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылар білім беру үдерісіне белсенді қатыса алатын және шешім қабылдай алатын жағдайлар жасау маңызды. Мұны студенттік кеңестер, іс-шараларды ұйымдастыру, сынып пен мектепті басқаруға қатысу арқылы жүзеге асыруға болады. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту және пайымдаудың тәуелсіздігі көшбасшылықтың маңызды қырлары болып табылады, өйткені ол білім алушыға ақпаратты талдауға, білімді қорытынды жасауға және қиын жағдайларда шешім қабылдауға үйретеді. АҚШ-та Стэнфорд университеті және Массачусетс технологиялық институты сияқты көптеген білім беру мекемелері көшбасшылықты дамыту үшін инновациялық бағдарламаларды енгізуде. «Инновация арқылы көшбасшылық» сияқты бағдарламалар білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасын және жетекшілік ету қабілетін дамытуға бағытталған [10]. Скандинавия елдері, соның ішінде Финляндия мен Швеция, білім алушылардың тәуелсіздігі мен топтық жұмысқа баса назар аударуды қамтитын білім берудің инновациялық тәсілдерімен танымал. Бұл елдерде әлеуметтік дағдыларды дамытуға және білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жобаларға тартуға көп көңіл бөлінеді. Сингапур және Оңтүстік Корея сияқты Азия елдерінде білім беру жүйелері көшбасшыларды тәрбиелеу әдістерін белсенді түрде біріктіреді. Мысалы, Сингапурда мектептер халықаралық білім беру және алмасу арқылы жаһандық ойлау мен көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізуде [11].

Әр түрлі елдердің мысалдары көшбасшыларды тәрбиелеудің әмбебап әдісі жоқ екенін көрсетеді. Әрбір білім беру жүйесі өзінің мәдени және білім беру дәстүрлеріне сәйкес тәсілдер мен әдістерді бейімдей алады. Қазақстанда болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудің түрлі әдістері мен тәсілдерін қамтитын мектептер мен колледждерге арналған бағдарламалар әзірленуде. Қазақстанның ауылдық мектептерінің 10-сынып оқушылары Beginit халықаралық көшбасшылық бағдарламасына қатыса алады. Ұйымдастырушылар, халықаралық inDrive IT-компаниясы, қатысушыларды іріктеудің басталғанын жариялады. Бағдарлама аясында оқушылар көшбасшылық пен жоба жұмысын дамыту бойынша тегін білім беру курсынан өтеді, жобалар үшін бағыттар мен тақырыптар тандайды және Қазақстанның көшбасшыларымен, рөлдік

модельдерімен танысады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін қатысушылар бірқатар әлеуметтік жобаларды әзірлейді, олардың ең үздіктері іске асыруға қаржыландыру алады.

Бұдан басқа, Президенттік Жастар кадрлық резервінің үлгісі бойынша Қазақстанда білім берудегі өзгерістердің мыңдаған көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасын іске қосу жоспарлануда. Бағдарламаның мақсаты – білім беру саласына кәсіби мамандарды тарту және мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру, бұл болашақ көшбасшыларды қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аса өзгермелі жағдайларда басқаруға дайын кәсіби көшбасшыларды іріктеу және даярлау үшін «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы қолға алынды [12].

М.Пшембаев еңбегінде Қазақстан университеттеріндегі студенттік көшбасшылықты дамыту мәселелері жан-жақты талданады. Авторлар бұл үрдістің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығына тоқталып, оны бакалавриат пен магистратура бағдарламаларының ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. Торайғыров университеті өз аймақтық ерекшеліктеріне сай көшбасшылықты дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда. Бұл бағдарлама аймақтық, кәсіби және білім беру салаларындағы ерекшеліктерді ескере отырып құрылған. Мақалада университеттің көшбасшылық мектептер құрудағы тәжірибесі, сондай-ақ көшбасшылықты қалыптастырудағы нақты нәтижелері көрсетілген. Мақалада көшбасшылық қасиеттер мен дағдыларды қалыптастырудың негізгі әдістері қарастырылған. Авторлар бұл процестің объективті және субъективті факторларға байланысты екенін атап өтеді. Мысалы, көшбасшылық мектебін құру немесе көшбасшылық дағдыларды дамытатын қоғамдық ұйымдар құру қажеттілігі ұсынылады [13].

А. Қ. Көбекова мақаласында көшбасшылық туралы сөз қозғалады. Көшбасшы студенттің тұлға ретінде қалыптасуының маңыздылығы, оның отбасынан бастау алып, орталарында жалғасын табатындығы айтылған. Көшбасшының бойындағы ерекше қасиеттердің бірі – адамның ойында қалғанды сақтап, сөйлесу қабілеті екендігі және өз пікірін айтудағы жауапкершілігі мен шыдамдылығы аталып өтіледі. Қазіргі көшбасшы бірнеше тіл біліп, өзін әртүрлі салаларда таныта алуы тиіс. Сонымен қатар, көшбасшының қоғамдағы рөлі мен саяси қайраткерлердің үлгісін алуы маңызды деп сипатталады [14].

А.Б. Алпысбаева мақаласында рөлдік ойындар арқылы көшбасшылық қасиеттер мен топтық жұмыс дағдыларын дамытудың маңыздылығы сипатталған. Мақалада екі топқа жүктелген тапсырма талқыланады, ол топтар арасындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған [15]. Б.Аубакирова мақаласында полиязықтық білім беру бағдарламасы аясында факультет басшыларының мұғалімдерді қолдаудағы рөлі талқыланады. Бұл зерттеу Қазақстандағы жоғары оқу орындарының полиязықтық білім беруді енгізу барысында кездесетін негізгі мәселелерін қарастырады. Мақалада факультет басшыларының мұғалімдердің кәсіби өсуін және оқытушылар құрамын қолдау арқылы осы реформаларды жүзеге асырудағы маңызды рөлі

атап өтілген. Мақсат — білім беру реформаларын табысты енгізу үшін академиялық персоналды кәсіби дамытудағы олқылықтарды толтыру. Жунусбекова А. мақаласында эмоционалдық интеллектінің дамуы болашақ білім беру менеджерлерінің кәсіби жетістігінің негізі ретінде қарастырылады. Авторлар білім беру ұйымдарын басқаруда эмоционалдық интеллектінің рөлі мен оның дамуына арналған әдістер мен тәсілдерді талқылайды. Зерттеу нәтижелері эмоционалдық интеллекттің кәсіби даму мен білім беру саласында маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Зерттеу барысында авторлар Н. Холлдың эмоционалдық интеллект тестін қолданған, бұл әдіс адамдардың эмоцияларды түсіну, оларды басқару және шешім қабылдау үдерісінде қолдану қабілетін анықтауға бағытталған.

### **Материалдар мен әдістер**

Білім беру үдерісінде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу әдістерін терең зерттеу және практикалық мәліметтер алу үшін педагогикалық мамандықтардың студенттеріне бағытталған сауалнама әзірленді. Бұл сауалнама көшбасшыларды тәрбиелеу әдістері мен олардың тиімділігі туралы түсініктерді нақтылауға көмектеседі. Сауалнамада жабық және ашық сұрақтар аралас қолданылған. Кейбір сұрақтар үшін дайын жауаптар ұсынылды, ал кейбір сұрақтар ашық түрде беріліп, респонденттер өз ойларын еркін білдіре алады. Бұл тәсіл студенттердің нақты пікірлерін жинауға және олардың көшбасшылықты тәрбиелеу әдістеріне деген көзқарастарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижелері сандық және сапалық талдау арқылы өңделді. Жабық сұрақтардан алынған жауаптар статистикалық түрде өңделіп, пайыздық көрсеткіштер арқылы көрсетілді.

Сауалнаманың мақсаты педагогикалық мамандықтар білім алушыларының көшбасшыларды тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қабылдауы мен түсінуі туралы ақпарат жинау, сондай-ақ осы саладағы ең тиімді тәсілдер мен әдістерге қатысты олардың пікірлерін бағалау болып табылады. Сауалнама келесі сұрақтарды қамтыды:

- 1) Сіздің ойыңызша, көшбасшылықты тәрбиелеудің негізгі факторы қандай?
- 2) Көшбасшылықты дамыту үшін қай оқыту әдісін тиімді деп санайсыз?
- 3) Көшбасшыларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстар қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?
- 4) Болашақ көшбасшы үшін топта жұмыс істеудің маңыздылығын қалай бағалайсыз?
- 5) Қазіргі білім беру үдерісінде көшбасшылықты дамытуға қандай аспектілер көбірек назар аударуды қажет етеді деп ойлайсыз?
- 6) Мұғалім көшбасшыларды қалыптастыруда қандай рөл атқаруы керек?
- 7) Сіздің ойыңызша, көшбасшының жаһандық көзқарасы мен әлемдік үдерістерді түсінуі маңызды ма?
- 8) Көшбасшы үшін төмендегі дағдылардың қайсысы маңызды?

9) Сіздің ойыңызша, көшбасшылықтың дамуына қандай факторлар кедергі келтіруі мүмкін?

10) Көшбасшыларды тәрбиелеу үшін ең қолайлы деп санайтын оқыту тәсілі қандай?

### **Нәтижелер мен талқылау**

Сауалнама педагогикалық мамандықтардың білім алушылары арасында жүргізілді. Барлығы 30 респондент қатысып, келесідей нәтижелер алынды:

Көшбасшылықты тәрбиелеудің негізгі факторлары ішінен уәждеме мен шабыт ең маңызды деп бағаланады (40%), бұл көшбасшылықты дамытудағы оң ықпал мен ынталандырудың рөлін көрсетеді. Бұл ішкі уәждеме мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс көшбасшыларды қалыптастырудың маңызды қырлары екенін көрсетеді. Қатаң тәртіп пен тәуелсіздік аз дауыс жинады, бұл көшбасшыларды тәрбиелеудің заманауи әдістеріне дәстүрлі көзқарастан баса назар аударуды көрсетуі мүмкін. Көшбасшылықты дамыту үшін тиімді оқыту әдістерінің ішінен кейс-әдістерге артықшылық берілді (45%), бұл білімді тәжірибеде қолданудың және нақты мәселелерді шешу дағдыларын дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Рөлдік ойындар мен модельдеу де тиімді болып саналады, бұл эксперименттік оқытудың маңыздылығын көрсетеді. Көпшілігі сыныптан тыс жұмыстарды маңызды деп санайды (85%), бұл көшбасшылықты дамыту тек академиялық білімді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және топтық белсенділікке қатысуды қажет етеді деген пікірді қалыптастырады. Болашақ көшбасшы үшін топта жұмыс істеуін қатысушылардың 60%-ы өте маңызды деп санайды, бұл қазіргі көшбасшылықтағы топтық жұмыс пен ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Қарым-қатынас дағдылары төмен бағаланды (35%). Бұл білім беру бағдарламаларында тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөлу қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Көпшілігі мұғалім көшбасшыларды қалыптастыруда үлгі болу қажет деп есептейді (45%), бұл мұғалімнің көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеудегі жеке мысалының маңыздылығын көрсетеді. Көшбасшы үшін тиімді қарым-қатынас негізгі дағды ретінде белгіленді (40%), бұл көшбасшылықтағы қарым-қатынас қабілетінің маңыздылығын тағы бір рет растайды. Көшбасшылықтың дамуына практикалық тәжірибенің жетіспеушілігі және білім беру мекемесінің шектеулі ресурстары айтарлықтай кедергілер болып табылады (сәйкесінше 35% және 20%), бұл іс жүзінде бағдарланған және ресурстармен қамтамасыз етілген білім беру қажеттілігін көрсетеді. Көшбасшыларды тәрбиелеу үшін ең қолайлы оқыту тәсілі ретінде интерактивті және тәжірибелік тәсілге артықшылық беріледі (40%), Бұл оқытудың динамикалық және практикалық әдістеріне ұмтылуды білдіреді.

Бұл нәтижелер көшбасшыларды тәрбиелеуде практикалық тәжірибенің, топтық жұмыстың және тиімді қарым-қатынастың маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ олар білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту үшін интерактивті әдістер мен рөлдік ойындарды оқу үдерісіне енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Сауалнаманың нәтижелері негізінде білім беру үдерісінде болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудің келесі тиімді әдістерін ұсынуға болады:

Оқыту әдістері түлекке қойылатын талаптарды ескере отырып, яғни маманның моделіне сүйене отырып қолданылатыны белгілі. Оқу үдерісінде дәстүрлі әдістер де (дәрістер мен семинарлар) да, белсенді әдістер де қолданылады, олардың оқу үдерісінде үлесі үнемі артып келеді. Қазіргі уақытта компьютерлендіру адам қызметінің барлық салаларын қамтыды. Компьютерде көп уақыт өткізе отырып, білім алушылар айналасындағылармен байланыста болмайды. Бірақ бұл қарым-қатынас жұмыста және қоғамдық өмірде маңызды болып табылады, сондықтан мұндай дағдыларға ие емес адамдар қоғамнан оқшаулану қаупіне ұшырайды. Сондықтан педагогтар алдында, студенттерді қызықтыру, оларды белсенді қызметке тарту, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту міндеті тұр.

Болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу үдерісі олардың жаңа тәжірибені өз бетінше игеру, өз қызметін талдау, нақты кәсіби қызметке жақын шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу-практикалық жағдайлар жүйесін құру жағдайында мүмкін болады. Мұның бәрін белсенді тұлғаға бағытталған оқыту формаларын қолдану барысында жүзеге асырған жөн. Дегенмен, оқытудың соңында қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын, сабақтарда белсендірек, оқытушының тапсырмаларын орындау кезінде жиі жауап беретін қалыптасқан көшбасшылар бар екенін атап өткен жөн, ал топтың қалған бөлігі енжар. Сондықтан қалыптасқан топтарды ескеріп, білім алушыларға, әсіресе өзіне сенімсіз білім алушыларға өз білімдерін көрсетуге мүмкіндік беретін жұмыс әдістерін қолдану керек. Көшбасшылық ұмтылыс адамның басқа адамдармен қарым-қатынасы үдерісінде өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі көрсетуге ықпал етеді.

Тәжірибелі тәлімгерлермен жеке немесе топтық сессиялар өткізуге болады, онда білім алушылар жеке кері байланыс пен ұсыныстар алу арқылы өз мақсаттарын, қиындықтары мен жетістіктерін талқылай алады. Білім алушылар топтық жұмыс, көшбасшылық және мәселелерді шешу дағдыларын дамыта отырып, нақты міндеттермен жұмыс істейтін жобалау топтарын ұйымдастырады. Стратегиялық жоспарлау, этикалық көшбасшылық, өзгерістерді басқару сияқты көшбасшылықтың әртүрлі қырларына бағытталған арнайы оқу модульдерін құруға болады. Бұл студенттерге өздерінің қызығушылықтары мен мансаптық мақсаттарына сәйкес көшбасшылықтың нақты салаларына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Желілік топтар мен жобаларды құру үшін цифрлық платформаларды пайдалануға болады, мұнда білім алушылар нақты жұмыс ортасына мүмкіндігінше жақын ортада көшбасшылықты қолдана алады.

Бұл әдістер білім алушыларға теориялық білімді тәжірибеде қолдануға және нақты кәсіби жағдайда жеке дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін көшбасшылық қасиеттерді жан-жақты дамытуға бағытталған.

## **Қорытынды**

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесі икемді болып, көшбасшылар жылдам өзгерістер мен қиындықтарға тап болатын қазіргі әлемнің қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Білім мен дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар инновацияға, проблемаларды тиімді шешуге және басқаларды шабыттандыруға қабілетті көшбасшының тұтас тұлғасын қалыптастыруға назар аудару қажет. Көшбасшыларды тиімді тәрбиелеу дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерін біріктіретін кешенді тәсілді талап етеді. Бұл коммуникативті дағдыларды, топта жұмыс істеу қабілетін, өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуды қамтиды. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға жағдай жасау өте маңызды. Білім беру мекемелерінде көшбасшыларды тәрбиелеу жастарды болашақ сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге дайындаудың негізгі жолдардың бірі екені анық.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Bales, R. Social interaction systems: Theory and measurement //Routledge. – 2017. – Pp. 15-20. - Access mode: URL: <https://books.google.co.in/books?id=gQWsAAAAQBAJ> [Date of access: 07.04.2024]
- [2] Сергеева Т.С. Развитие лидерских качеств студентов //Профессиональное образование. Столица. – 2010. – №. 9. – С. 40-41.
- [3] Макаренко А.О. Должен ли руководитель быть лидером? //Научно-методический электронный журнал Концепт. – 2017. – №. Т32. – С. 377–379.
- [4] Инякина И.В. Воспитание лидера: постановка проблемы //Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. – 2009. – Т. 15. – №. 4. – С. 271-275.
- [5] Гусельцева М.С., Асмолов А. Г. Скрытое лидерство и разнообразие моделей успеха в современном обществе //Поволжский педагогический поиск. – 2020. – №. 2. – С. 14-23.
- [6] Адонина Н.П. Кейс-стади: история и современность //Высшее образование сегодня. – 2012. – №. 11. – С. 43-48.
- [7] Колосков И.А. Обучение лидерству в общеобразовательных школах США (на примере штата Вирджиния) //Вестник РМАТ. – 2019. – №. 1. – С. 104-111.
- [8] Косяк Н.А., Кочетов А. С. Социально-педагогические предпосылки проектного обучения в советских школах (1920-е гг.) и в современной Финляндии: опыт сравнительно-исторического исследования. – 2019. – С. 15-20.
- [9] Галичин В.А. Международный рынок образовательных услуг: основные характеристики и тенденции развития //Век глобализации. – 2013. – №. 2. – С. 101-112.
- [10] Павлов П.В. Академическое лидерство: университет в социально-экономических реалиях современного капитализма //Bulletin of the South-Russian state technical University (NPI) Series Socio-economic Sciences. – 2023. – Т. 16. – №. 5. – С. 284-290.
- [11] Науширванов Т. О. Цифровизация образования: опыт Эстонии, Сингапура и Южной Кореи //Тенденции развития образования: как спланировать и реализовать эффективные образовательные реформы. – 2020. – С. 40-50.
- [12] «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗГЕРІСТІҢ 1000 КӨШБАСШЫСЫ» жобасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/629844?lang=kk&ysclid=m2kqr0fym589746150>
- [13] Pshembayev M. A. Student Leadership Development as a new trend of Higher Education in Kazakhstan //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2020. – Т. 100. – №. 4. – С. 98-103.

[14] Көбекова А. Қ., Утегенова Б. М. Студенттердің көшбасшылығы // Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған «Адам капиталды дамыту контекстіндегі білімнің рөлі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – 2018. – С. 235-238.

[15] Alpysbayeva A.B. Role playing, as a form of manager training // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of international relations and world languages series «Pedagogical sciences». – 2020. – Т. 59. – №. 4. – С. 101-102.

## REFERENCES

[1] Bales, R. Social interaction systems: Theory and measurement //Routledge. – 2017. – Pp. 15-20. - Access mode: URL: <https://books.google.co.in/books?id=gQWsAAAAQBAJ> [Date of access: 07.04.2024]

[2] Sergeeva T. S. Razvitie liderskih kachestv studentov (Developing students' leadership skills). //Professional'noe obrazovanie. Stolica. - 2010. - № 9. - 40-41 s. [in Rus.]

[3] Makarenko A. O. Dolzhen li rukovoditel' byt' liderom? (Should a leader be a leader?). // Nauchno-metodicheskij jelektronnyj zhurnal Koncept. - 2017. - № Т32. – 377-379 s. [in Rus.]

[4] Injakina I. V. Vospitanie lidera: postanovka problemy (Educating a Leader: Setting a problem). //Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Pedagogika. Psihologija. Sociokinetika. - 2009. - № 4. - 271-275 s. [in Rus.]

[5] Gusel'ceva M. S., Asmolov A. G. Skrytoe liderstvo i raznoobrazie modelej uspeha v sovremennom obshhestve (Hidden leadership and a variety of success models in modern society). //Povolzhskij pedagogicheskij poisk. - 2020. - № 2. - 14-23 s. [in Rus.]

[6] Adonina N. P. Kejs-stadi: istorija i sovremennost' (Case study: history and modernity). // Vysshee obrazovanie segodnja. - 2012. - № 11. - 43-48 s. [in Rus.]

[7] Koloskov I. A. Obuchenie liderstvu v obshheobrazovatel'nyh shkolah SShA (na primere shtata Virdzhinija) (Leadership training in public schools in the USA (using the example of the state of Virginia)). //Vestnik RMAT. - 2019. - № 1. - 104-111 s. [in Rus.]

[8] Kosjak N. A., Kochetov A. S. Social'no-pedagogicheskie predposylki proektnogo obuchenija v sovetskikh shkolah (1920-e gg.) i v sovremennoj Finljandii: opyt sravnitel'no-istoricheskogo issledovaniya (Socio-pedagogical prerequisites for project-based learning in Soviet schools (1920s) and in modern Finland: the experience of comparative historical research). - 2019. - 15-20 s. [in Rus.]

[9] Galichin V. A. Mezhdunarodnyj rynek obrazovatel'nyh uslug: osnovnye harakteristiki i tendencii razvitija (International educational services market: main characteristics and development trends). //Vek globalizacii. - 2013. - № 2. - 101-112 s. [in Rus.]

[10] Pavlov P. V. Akademicheskoe liderstvo: universitet v social'no-jekonomicheskikh realijah sovremennogo kapitalizma (Academic leadership: the University in the socio-economic realities of modern capitalism). //Bulletin of the South-Russian state technical University (NPI) Series Socio-economic Sciences. - 2023. - № 5. - 284-290 s. [in Rus.]

[11] Naushirvanov T. O. Cifrovizacija obrazovaniya: opyt Jestonii, Singapura i Juzhnoj Korei (Digitalization of education: the experience of Estonia, Singapore and South Korea). //Tendencii razvitija obrazovaniya: kak splanirovat' i realizovat' jeffektivnye obrazovatel'nye reformy. - 2020. - 40-50 s. [in Rus.]

[12] «Bilim berudegi ozgeristin 1000 koshbasshysy» zhobasy (Project" 1000 leaders of change in education"). <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/629844?lang=kk&ysclid=m2kqr0fym589746150>

[13] Pshembayev M. A. Student Leadership Development as a new trend of Higher Education in Kazakhstan //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2020. – Т. 100. – №. 4. – Pp. 98-103.

[14] Kobekova A. K., Utegenova B. M. Studentterdin koshbasshylygy (Student leadership). // Magzhan Zhumabaevtyн 125 zhyldygyna arналган «Adam kapitaldy damyту kontekstinдеgi bilimnin roli» Khalykaralyk gylymi-praktikalыk konferentsiyasy. – 2018. – 235-238 s. [in Kaz.]

[15] Alpysbayeva A.B. Role playing, as a form of manager training // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of international relations and world languages series «Pedagogical sciences». – 2020. – Т. 59. – №. 4. – Pp. 101-102.

## **МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ БУДУЩИХ ЛИДЕРОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ**

\*Рамазанова Д.Ж.<sup>1</sup>, Тогайбаева А.К.<sup>2</sup>, Мухтаров С.М.<sup>3</sup>, Жүзеев С.Ә.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе,  
Казахстан

<sup>4</sup>Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

**Аннотация.** В современном мире, характеризующемся быстрыми изменениями и неопределенностью, способность к эффективному лидерству становится неотъемлемым атрибутом в различных сферах жизни. Эта статья подчеркивает важность образовательного процесса в формировании ключевых лидерских качеств. Лидеры современности сталкиваются с уникальными вызовами, которые требуют инновационного мышления и гибкости в решении проблем. Образование, таким образом, должно стремиться к развитию этих компетенций, обеспечивая студентам знания и навыки, необходимые для успешного лидерства в разнообразных контекстах. Целью данного исследования является анализ и систематизация эффективных методов воспитания лидеров, включая оценку стратегий, практик и подходов, способствующих развитию лидерских качеств среди молодежи. Исследование имеет важное значение как для теоретического понимания механизмов развития лидерства, так и для практического применения в образовательной среде. Оно способствует улучшению педагогических методик и программ развития лидерских способностей. Методология включает разработку и анализ опросника, направленного на студентов педагогических специальностей, для оценки восприятия различных методов воспитания лидеров и выявления наиболее эффективных подходов и техник. Основные результаты исследования указывают на значимость мотивации, командной работы, ролевых игр и внеклассных активностей в процессе развития лидерских качеств. Выявлено, что наибольшее влияние на формирование лидеров оказывают интерактивные и практические методы обучения. Данная работа вносит весомый вклад в область педагогических наук, предоставляя ценные данные для разработки эффективных программ обучения лидерству.

Результаты исследования могут быть использованы образовательными учреждениями для улучшения и адаптации учебных программ, направленных на развитие лидерских качеств у студентов, учитывая современные требования и вызовы.

**Ключевые слова:** лидерство, образовательный процесс, методы воспитания, развитие лидерских качеств, интерактивное обучение, командная работа, педагогические стратегии, мотивация

## **METHODS OF EDUCATING FUTURE LEADERS IN THE EDUCATIONAL PROCESS**

\*Ramazanova D.<sup>1</sup>, Togaibayeva A.<sup>2</sup>, Mukhtarov S.<sup>3</sup>, Zhuzeyev S.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

<sup>4</sup>Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

**Abstract.** In a modern world characterized by rapid change and uncertainty, the ability to lead effectively is becoming an essential attribute in various spheres of life. This article highlights the importance of the educational process in the formation of key leadership qualities. The leaders of our time face unique challenges that require innovative thinking and flexibility in solving problems. Education should therefore strive to develop these competencies by providing students with the knowledge and skills necessary for successful leadership in a variety of contexts. The purpose of this study is to analyze and systematize effective methods of educating leaders, including evaluating strategies, practices and approaches that contribute to the development of leadership skills among young people. The research is important both for the theoretical understanding of the mechanisms of leadership development and for practical application in the educational environment. It contributes to the improvement of pedagogical techniques and leadership development programs. The methodology includes the development and analysis of a questionnaire aimed at students of pedagogical specialties to assess the perception of various methods of educating leaders and identify the most effective approaches and techniques. The main results of the study indicate the importance of motivation, teamwork, role-playing games and extracurricular activities in the process of developing leadership qualities. It has been revealed that interactive and practical teaching methods have the greatest influence on the formation of leaders. This work makes a significant contribution to the field of pedagogical sciences, providing valuable data for the development of effective leadership training programs.

The results of the study can be used by educational institutions to improve and adapt curricula aimed at developing students' leadership skills, taking into account modern requirements and challenges.

**Key words:** leadership, educational process, teaching methods, leadership development, interactive learning, teamwork, pedagogical strategies, motivation

*Мақала түсті: 13 ақпан 2024*